

**Е.З. Есбосынов**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com)

## **ОСМАН ТІЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТҮРКОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ – ПРОБЛЕМАТИКАЛЫҚ ТҰСТАРЫ**

Мақалада қазақ түркологиясы зерттеулерінде біршама сирек кездесетін ғылыми бағыт – осман-түрік тіліне қатысты ізденістер туралы сөз болады. Осман тілі қазіргі түрік тілі лексикографиясында, мысалы «Камус-и түркі» мен «Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде» османлыша немесе османлы түрікшесі деп екі атаумен берілген. Кеңестік түркологияда «османско-турецкий язык», қазақшаласақ «осман-түрік тілі» деген атау жиірек қолданылады. Мақсатымыз, қазақ түркологиялық зерттеулеріндегі көрінісі мен ғылыми интерпретациясына шолу жасау, қазақтілді контенттердің тақырыптық және мазмұндық ерекшеліктерінен хабардар ету. Ізденіс барысында қолға тиген тарихи және лексикалық зерттеулерден иллюстративті мысалдар пайдаланып тақырып өзектілігін ашуға тырыстық. Мұнда шет елдік еңбектермен қоса түрік тілінен қазақ тіліне аударылған еңбектер қолданылды. Осман-түрік тілінің оқулық кітаптарынан хабардар ету ниетінде Э.А.Грунинаның «Руководство по османско-турецкому языку – Осман-түрік тілі бойынша нұсқаулық» пен түркиялық ғалым Хаяти Девелидің «Osmanlı Türkçesi Grameri-I – Осман тілінің грамматикасы» атты басылымдарын пайдаландық. Бұлардың тақырыптық мазмұнын беріп, орыс тілі кітабында қандай деректерге жүгінгені жөнінде және олардың қазіргі уақыттағы цифрлық көрінісі туралы ақпарат қостық. Мақала барысында көрінгеніндей «осман-түрік тілі» атауы түрік ғалымдарының еңбектерінде де бірыңғай бағаланбайды, осы тұрғыда «әдеби тіл» еместігін, диалект, говор дәрежесіндегі «халық тілі» екендігін атап өткен еңбектерге де шолу жасадық. Бұған қоса осман-түрік тілі оқытылуын Селжұқ пен алғашқы османдық дәуірдегі халықтық педагогика негізінде талдаған еңбекке сілтеме жасап кейбір термин мен атаулардың қазақша түсініктемесін қостық. Қазақтілді контенттерде орын алған «анкара говоры» аясында түрік ғалымдарының зерттеулеріне сүйеніп «стамбұл говоры» туралы, бұлардың қазіргі әдеби түрік тілінің дамып қалыптасуына қатыстылығы туралы мәліметпен бөлістік, бұл орайда Стамбұл қаласының маңызды рөл атқарғандығын атап өттік. Кеңес Одағы кезеңі мен қазіргі уақыттарда жарық көріп жатқан басылымдарда кездесетін «советизм» деп аталып жүрген ғылыми тавтология туралы, мұның қазақтілді контенттердегі көрінісі туралы пікір білдірдік. Тақырып бағытында түрік ғалымдарының зерттеулеріне сүйеніп осман-түрік тілі мен «модерн түрік тілінің» жалғастырушы-дәнекер ақындарының бірі Мехмет Акиф Ерсой шығармашылығына шолу жасадық. Тақырыптық қорытынды ретінде Ерсойдың «Сафахат» жинағындағы осман-түрік тілі – модерн (қазіргі) түрік тілі сөздігінен иллюстративті мысал қостық. Қазақстан ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін қолжазба қорында сақтаулы тұрған осман-түрік тіліндегі еңбектерді каталогтандыру ғылыми жобасы аясында шыққан басылым туралы, оның мазмұндық құрылымы мен авторлары туралы мәлімет бердік.

**Түйін сөздер:** Осман империясы, осман-түрік тілі, жөнтүріктер, Кипр, советизм, нормативтік лексика, каталогтау.

Ye. Yesbossynov

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

e-mail: [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com)

### **The place and significance of ottoman turkish language studies in kazakh turkology – problematic aspects**

This article discusses a relatively rare scientific field in Kazakh Turkology – research on the Ottoman-Turkish language. In contemporary Turkish lexicography, the Ottoman language is referred to as Osmanlıca or Osmanlı Türkçesi, as seen in sources like Kamus-i Türki and The Explanatory Dictionary of the Turkish Language. In Soviet and Russian Turkology, the term Osman-Turkish language (османско-турецкий язык) was established, which can be translated into Kazakh as осман-түрік тілі. The purpose of this study is to review the representation and scholarly interpretation of this language in Kazakh

Kazakh-language materials on this subject. In our research, we have utilized historical and lexical studies, providing illustrative examples to highlight the relevance of this topic. Alongside foreign studies, we have referenced works translated from Turkish into Kazakh. Additionally, we examined the phenomenon of so-called “Sovietisms” in academic publications from both the Soviet period and modern times, discussing their reflection in Kazakh-language content. To provide an overview of textbooks on the Ottoman-Turkish language, we referred to E. A. Grunina’s *Guide to the Ottoman-Turkish Language* (Руководство по османско-турецкому языку) and the Turkish scholar Hayati Develi’s *Osmanlı Türkçesi Grameri-I* (Ottoman Language Grammar). We outlined the thematic content of these works and analyzed the sources they rely on, also including information on their modern digital availability. As highlighted in the article, even within Turkish scholarship, the term Osman-Turkish language is not uniformly assessed. Some studies argue that it was not a literary language but rather a dialect or vernacular spoken by the populace. We also referenced works that analyze the teaching of Ottoman-Turkish within the context of folk pedagogy during the Seljuk and early Ottoman periods, incorporating explanations of specific terms and concepts in Kazakh. Furthermore, we addressed discussions in Kazakh-language content regarding the “Ankara dialect,” comparing it with research on the “Istanbul dialect” and its role in shaping modern standard Turkish. We emphasized the historical significance of Istanbul in this linguistic evolution. Drawing on studies by Turkish scholars, we explored the works of Mehmet Akif Ersoy, one of the key poet-transmitters between the Ottoman-Turkish language and modern Turkish. Additionally, we provided information on a scholarly cataloging project involving Ottoman-Turkish manuscripts preserved at the National Library of Kazakhstan.

**Key words:** Ottoman Empire, Ottoman-Turkish language, Young Turks, Cyprus, Sovietism, normative lexicon, cataloging.

Е.З. Есбосынов

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан  
e-mail: ergaliesb@gmail.com

### **Место и значение османского языка в казахской тюркологии: проблемные аспекты**

В статье рассматривается одно из относительно редких направлений исследований в казахской тюркологии – изучение османско-турецкого языка. В современной турецкой лексикографии он обозначается как османлыша или османлы түркчеси (например, в «Kamus-i Türkî» и «Толковом словаре турецкого языка»). В советской тюркологии обозначился термин «османско-турецкий язык», который на казахский можно перевести как «осман-түрік тілі». Цель исследования – обзор его отражения в казахской тюркологической науке и анализ научных интерпретаций. Рассмотрены тематические и содержательные особенности исследований на казахском языке. В статье задействованы как зарубежные, так и труды, переведённые с турецкого на казахский язык. Приводятся сведения о таких учебных пособиях, как «Руководство по османско-турецкому языку» Э.А.Груниной и «Osmanlı Türkçesi Grameri-I» («Грамматика османского языка») турецкого учёного Хаяти Девели. Анализируется тематическое содержание этих работ, приводятся данные о цифровом представлении их материалов. Выявлено, что сам термин «османско-турецкий язык – осман-түрік тілі» трактуется турецкими исследователями неоднозначно: ряд работ подчёркивает, что это не литературный язык, а народный язык на уровне диалекта или говора. Помимо этих данных, проводится обзор исследований, рассматривающих преподавание османско-турецкого языка через призму народной педагогики периода Сельджуков и раннего Османского государства. Данной тематике были добавлены (переведены) казахские интерпретации на ряд терминов и понятий. Рассматривается также трактовка «анкарского говора» в казахоязычных исследованиях и, опираясь на труды турецких учёных, обсуждается роль «стамбульского говора» в формировании современного литературного турецкого языка, подчёркивая значимость Стамбула в этом процессе. Обсуждаются научные тавтологии, так называемые «советизмы» и её проявления в казахоязычном контенте. В контексте развития османско-турецкого и современного турецкого языка рассматривается творчество Мехмета Акифа Эрсоя как поэта-посредника между этими языковыми этапами. Также даются сведения о научном проекте каталогизации рукописей на османско-турецком языке, хранящихся в Национальной библиотеке Казахстана, анализируются сведения об их тематическом содержании и авторах.

**Ключевые слова:** Османская империя, османско-турецкий язык, младотурки, Кипр, советизм, нормативная лексика, каталогизация.

## Кіріспе

Жер-жаһанға кеңінен жайылған түркі тілдері сан ғасырлық тарихында басқа тілдермен тікелей немесе жанама түрде қарым-қатынаста болғаны анық. Бұған әрбір түркі халқының өзіне тиесілі әлеуметтік-тарихи себебі болғанындай ғасырдан ғасырға өзгеріп, ауысып отырған георафиялық ареалы да ықпал етті. Бұл үдеріс оғызтілді түркі жұртына көбірек қатысты болды. Мұның тарихи деректермен дәлелденген хронологиялық тізбесімен қоса халықтың тұрмысы мен күнделікті өміріне дендеп сіңген салт-дәстүрі де куә бола алады. Соңғы жүз жыл кезеңінде ғылыми интерпретацияларда орнығып, әр түрлі нысан мен ғылыми бағыттағы жарияланымдар мен оқулықтарда айтылып жүрген ұғым, ол түркілердің немесе түркі тілдерінің генеологиялық классификациясы. Атап айтқанда «түркілер ірі-ірі төрт топтан тұрады» постулаты: қыпшақ, оғыз, қарлұқ және сібір түркілері. Бұл атаулар қашан кім тарапынан ғылыми айналымға енгізілді, қай жағы мен қандай қырынан зерттелді деген сияқты сауалдар да жоқ емес. Бірақ жауабы да көп. Сондай сұрақ-жауаптардың негізгі идеясының бірі, аталмыш анықтама мен классификациялар осман дәуірі түркі мәдениетін және тілдік деректерін айналып өте алмайды. Яғни біз, тілдік ортасы қалыптасып орныққан, тілге қатысты монополиясы белгіленген жұмыс тәртібіндегі тарихи фактологиямен жұмыс істеп отырмыз, ол осы, – осман-түрік тілінің зерттелуі және соның айналасындағы мәселелер. Ресмилеу тілмен айтқанда османистика, қазақшаласақ османтану ғылымы. Осындай іргелі де кең көлемді ғылыми сала қазақтілді ғылыми деректермен толықтырылған ба деген сауал қоюға болады. Бірақ осы сауалдың жауабын нақтылау қиын, себебі мұндай еңбектер сирек кездеседі. Османистика – гуманитарлық ғылымдар ішіндегі күрделі де көлемдісі ретінде де танылады. Осындай себептерден болуы мүмкін, осман-түрік тілі қазақтілді түркітану ғылымында әлі де орныға қоймаған зерттеу саласына жатады. Бұл қолға алмақшы болған мақаламыздың *өзектілігі* мен *проблематикалық* мазмұнына сай келіп, османистиканың классикалық үлгідегі филологиялық ғылымдармен қатар тарих ғылымымен, саясаттану және әлеуметтанумен де ұштасып жатқандығын көрсетеді. Осындай ғылыми деректер вакуумын немесе тапшылығын европалық яки кеңестік жарияланымдармен толықтыру қазақ ғалымдары үшін әдеттегі іске айналған деп айта аламыз

және бұл үдеріс өзінің жалғасын табуда. Ал соңғы кездерде Түркиямен орнықты түрде жалғасып келе жатқан мәдени қарым-қатынастар осы шеттілдік деректерге тағы бір маңызды компонент қосуға мүмкіншілік берді, – ол осман елінің өз тілі, яғни қазіргі түрік тіліндегі ғылыми зерттеулер қорының қолжетімді болуы. Түрік тіліндегі шығармалар салалық, мазмұндық жағынан бай екендігі сөзсіз. Ал Түркиядағы осман тілі зерттеулерінің жан-жақты екендігін қаперге алсақ осы саланың педагогикалық, мазмұндық, хронологиялық тұсына да шолу жасау мүмкіншілігіне ие боламыз. Себебі бес-алты ғасырдай кезеңді қамтып ірі аумақты ішіне алған Осман елін және осы елдің атын иемденген тілді зерттеп-саралау – уақыт талабы. Мұндай зерттеулердің қолға алынуы арқылы қазақ тілінің тарихи даму үдерісінің жекелеген классификациялық тұстарын да бірізділікке салу мүмкіншілігіне ие боламыз. Үйткені осман тілі зерттеулері ескі қыпшақ, Алтын Орда дәуірі қазақ тілі, қазақ хандары жарлық-қарарларының тілі және деректану сияқты ғылым салаларына төркіндес екендігі сөзсіз. Бұлар өзара қайшылық туғызбай, керісінше бір-бірін толықтыратын ғылым саласы екендігі анық. Бұған қоса бұл үдеріс, Кеңес Одағынан жалғасып келе жатқан «советизм» деп аталатын саяси риторикадан, орынды-орынсыз қолдануы жалғасып келе жатқан пролетарлық мазмұнды лексикалық шаблоннан алыстаудың да әмбебап құралы болмақ.

## Әдебиетке шолу

Осман-түрік тілі туралы қазақтілді деректер уикипедия сияқты баршаға ортақ ақпарат көздерінде де кездеседі, бұл әлбетте, онды нышан. Алайда мұны, әжептәуір дерекке ие болса да, орындалу ерекшелігі мен стиліне орай академиялық зерттеулерге жарамсыз, әуесқой мәліметтердің жиынтығы деп айта аламыз. Осман тіліне қатысты қазақ тіліндегі ғылыми еңбектер де жоқ емес. Алайда, осы күнгі ізденіс көрсеткеніндей, олардың саны аз ал қайсыбірінің орындалу тәртібі күмән тудырады. Бұл әсіресе түрік тілінен қазақ тіліне аударылып жарық көрген академиялық жарияланымдарға да қатысты. Мұндай еңбектерде әдетте қазақ тілінің нормативтік ережелері сақталмағандықтан оригинал, яғни түрік тіліндегі шынайы басылымына нұқсан келтіруімен қатар ғылыми құндылығын да азайтып көрсетеді. Мұны үлкен кемшілік деп есептейміз. Сондай еңбектердің бірі Алматыда 2017 жылы

жарық көрді. Кітап авторы, осман-түрік тіліне «Осман мемлекеті дәуірінің түрікшесі» деп жеке графа арнаған. Біз авторлық, яғни қазақша аударма нұсқадан алынған мысалдарды дәлме-дәл беруді жөн көрдік: «Ескі Анадолы түрікшесі қалыптасу процесін Стамбұлды иемденге дейін-ақ аяқтады және одан соң «Осман дәуірі түрікшесі» басталды. Ескі Анадолы түрікшесі жаңа әдеби жазба тілінің құрылу деңгейін көрсеткендіктен тілдік жағынан әр түрлі жетіспеушіліктер, кемшіліктер, жат нәрселер бар еді. Емленің әлі де орнықтауы, әдеби тілге қажетті сөз және ұғымдардың жеткілікті болмауы түрік тілінің ең үлкен қиындықтары еді. Түрік тілінің дамыған әдебиет тілдері саналған арап және парсы тілімен теңесе білуі үшін осман түрікшесінің келуі күтілетін. ...Османдық патшалардың халифа болуымен Осман мемлекеті ислам әлемінің діни көшбастаушысы болды, ол да мәдени өміріне әсер етті. Осы дәуірдің медреселерінде ғылым тілі ретінде арап тілі қолданылды, бірнеше пән осы тілде оқытылды. Осыған орай медресе түлектері осы екі тілді жеткілікті дәрежеде білетін. Бірнеше Османдық ақынның түрік тілімен бірге парсыша диуанын да жазды, ал Османдық ғалымдар еңбектерін арап тілінде жазатын» (Акар, 2017: 209). Мұндай мәліметтер сала мамандары мен зерттеушілер үшін тыңғылықты дерек бола алмаса да жалпылама ақпарат алуға жарамды деп айта аламыз.

Түрік тілі лексикографиясының алғашқыларының бірі «Камус-и түрки» сөздігінің қазіргі түрік тілі нормаларына сай түзіліп редакцияланған нұсқасы тоқсаныншы жылдары шықты. Осы кітапта «осман тілі» сөзінің анықтамасы былай берілген: «Osmanlıca – османдықтарға тиесілі және осы сөзге қатысты: Osmanlıca lisan, Osmanlıca şarkı, Osmanlıca kıyafet – осман тілі, осман тіліндегі ән, османша киім үлгісі; Osmanlı Lisanı, Batı Türkçesi – осман тілі, батыс түркі тілі, батыс түрікшесі» (Sâmi, 1991: 1018). Бертін келе, 2011 ж. шыққын «Түрік тілі сөздігінде» былай дейді: «Osmanlıca – осман түрікшесі. Osmanlıcası – 1. осман тілі дәрсін беруші, 2. Осман тілін қолданудың тараптары» (Türkçe Sözlük, 2011: 1820). Басқа сөздікте біршама толығырақ айтылған: «Osmanlıca – Батыс түркі тілінің Ескі Анадолы түрікшесінен кейінгі екінші дәуірі. XV ғ. соңы мен XX ғ. басына дейінгі дәуірді қамтитын, әсіресе XV ғ. бастап арап пен парсы тілінің ықпалында кеткен тілді айтамыз. Аталмыш жазба тіліне Османлы тілі дейді» (Örnekleleriyle Türkçe Sözlük, 2002: 2185). Осын-

дай қысқаша деректердің хронологиялық тұсын 1978 ж. жарық көрген «Кеңес түркітануында ортағасыр түрік әдебиеті проблемасы» атты жазбамен толықтыра аламыз. Мақалада түрік әдебиеті даму кезеңін үш дәуірге бөліп қараған: «Кеңес Одағы түркітанушылары әдеби зерттеулердің дәуірлеуге бөлінетіндігін жалпы қағидат деп біліп Түркия әдебиетінің даму сатысы үшеу екендігін атап өтті, ол – ортағасыр, жаңа және қазіргі дәуір. Осы дәуірдің әрқайсысы өзіне тән кезеңдер мен сатыларынан тұрады. Ортағасыр түрік әдебиетінің бастапқы кезеңі XII – XV ғғ. аралығын қамтиды. Түрік мемлекетінің қалыптасу дәуіріндегі түрік әдебиеті түркілік ауыз әдебиеті поэтикасымен қоса жергілікті халықтардың әдебиетімен, әсіресе арап-парсы мәдениеті ықпалдастығымен ортақтаса дамыды. Бұл үдеріс алдағы даму барысына айтарлықтай ықпал етті. ...Екінші кезең XV – XVII ғғ. аралығын қамтиды. Қайсыбір ғалымдар бұл дәуірді «дамыған ортағасыр әдебиеті» деп атаса, кейде «қайта түлеген, үдемелі даму көрсеткен әдебиет кезеңі» деп те атап жүр. ...Үшінші кезеңнің басты ерекшелігі (XVII – XIX ғғ.) – ол ортағасырдың соңғы кезеңдегі әдебиеті болып «өтпелі кезең әдебиеті» деп аталады. Елде ортағасырлық дәуір аяқталып, буржуазиялық қарым-қатынастар пайда бола бастады. Сөйтіп әдебиетке де жаңа ағымдар келіп, алғашқы оқу-ағарту элементтері көрініс берді. ...Идеологиялық тұрғыда өтпелі кезең реформаторлық әрекеттермен ерекшеленіп, қоғамдық сананы қалыптастыруда оқымысты адамдардың ықпалы күшейе түскендігін көрсетті. Бұған Осман империясында тұрақты түрде белең алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс әсер етіп, дамыған Европа елдерімен қарым-қатынастағы дипломатиялық кикілжің мен саудасаттық және оқу-ағарту ісіндегі түсініспеушілік те себеп болды. Биліктің XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басындағы реформа жасау талпынысы да нәтиже бермеді. Бұл түрік қоғамдық санасының оянуын жеделдете түсті. Ал 1727 ж. түрік тіліндегі тұңғыш кітаптың басылып шығауы, іле-шала, біртіндеп болса да, түрік полиграфия мен баспа ісінің жолға қойылуы айтарлықтай оңды рөл атқарды (Маштакова, 1978: 19). Бұл деректер осман-түрік тіліне тікелей қатысты болмаса да әдеби-тілдік даму кезеңдері арқылы жалпы мағлұмат алуға жарамды деп ойлаймыз. Бұл пікірімізді осы журналдың басқа санында шыққан зерттеумен тиянақтауға болады: «Егер ескіосман мен ескіазербайжан әдеби тілдерінің астарында селжұқтардың оғыз тілі жатыр десек,

ескіөзбек пен ескіұйғыр тілдерінің төркіні (қазіргі ұйғыр халқының ата тегін айтып отырмыз) ұйғыр-қарлұқта жатқан шағатай тілінде деп айта аламыз» (Баскаков, 1970: 17). Төмендегі цитата осы мәліметтерді хронологиялық жағынан толықтыра түседі: «Сыр мен Арал теңізіне орын тепкен оғыздар мемлекеті XI-XII ғасырларда бүкіл Орта және Таяу Шығысты, Кіші Азияда билік етуі XI ғ. селжук державасының құрылуы XV ғасырда *Түрік Осман империясының* құрылуының алғышарты болды (Аманжолов, 2002: 204)».

Бертін келе қазақ тілінде шыққан Марко Полоның кітабында Осман империясы «Түркімения, Түркия» атауымен беріліп, XXI тарауда «Мұнда Түркімения [Түркия] сипатталады» деген графамен толықтырылған: «Түркіменияда үш ел мекендейді: түркімендер [түрік] – Мұхаммедті ұлықтап, оның заңдарына бағынады; адамдары қарапайым, тілдері дөрекі. Тау мен жазықта, жайылымы шүйгін жерлерде өмір сүреді. Себебі, олар мал шаруашылығымен айналысады. Бұл жерде тұқымы асыл түркімен жылқылары мен жақсы, қымбат қашырлар бар екенін айтатын. Мұнда армяндар мен гректер өмір сүреді; қалалар мен қалашықтарда аралас-құралас тұрады, олар саудамен, қолөнер кәсібімен айналысады. Білсеңіздер, осы жерде әлемдегі ең жұқа әрі көркем кілемдер өңделіп шығарылады. Сондай-ақ қызыл және басқа да түрлі-түсті аса жақсы, қымбат маталар тоқылып, басқа да көптеген заттар әзірленеді. Бұл жердегі қалалардың атауы: Комо, Кассери, Севасто; басқа да қалалар мен қалашықтар көп; барлығын атап жату ұзаққа соқылып кетуі мүмкін.; барлық қалалар осы жерде патшалық ететін левант [шығыс] татарларының меншігінде. Бұл облысты былай қойып Ұлы Арменияны сипаттауды бастасак». Мұндағы тік жақша кітап авторы А.Н.Гаркавецтің ескертпесі, ал Комо (Кония), Кассери (Кайсери), Севасто (Сивас) қазіргі түрік қалаларының атауы екендігін 88 нөмірлі сілтемемен И.Минаевтің еңбегіне сілтеме жасайды (Гаркавец, 2021: 50-51).

### Әдістеме

Тақырыппен үндесетін зерттеулер түрік тілінде молырақ екендігі сөзсіз. Солардың бірі Анкарада 2014 ж. шыққан *Çağdaş Türk Yazı Dilleri – Қазіргі түркі жазба тілдері* атты оқулық. Бұл еңбекте осман-түрік тілінің пайда болу кезеңінен бастап соңғы уақыттарына дейінгі дәуірді қамтыған тарихи және лексикалық түр-

ғыдағы сипаттама берілген: «XIII ғ. Шыңғыс хан мен ұлдарының басқыншылық әрекеттері нәтижесінде Түркістанда үлкен дүрбелең басталды. Бұл дүрбелең қазіргі Түркіменстанның түркімендері тысындағы оғыздарды Азербайжан мен Анадолы жеріне жөңкіле көшуіне әкеп соқты. Бұл жағдай оғыз говорының дамуы мен одан әрі жеке бір жазба тілі болып қалыптасуына ықпал етті. Жаңадан пайда болған жазба тілінің алғашқы кезеңін *Ескі Түркия түркі тілі* деп айта аламыз. Бұл кезең Анатолия селжұқтарының соңғы дәуірі, түрік бейліктер дәуірі, Қарақойын мен Аққойын түрік тайпаларанының мемлекеттік бірлестігі мен Осман империясының алғашқы екі ғасыр кезеңін қамтыған дәуір болды. Жаңа жазба тілінің екінші кезеңі 1299 ж. Осман Бей тарапынан құрылып өте аз уақыт мөлшерінде ірі күшке айналған Осман мемлекеті атымен байланысты. Османдықтар Стамбұлды қол астына алғаннан бастап империя ыдырағанға дейінгі, шамамен бес ғасыр ішінде *Осман тілі* дәурен құрып, өміршеңдігін көрсетті. Бұл дәуір солтүстік-батыс түркі тілінің ең ұзақ өмір сүрген кезеңі болып танылады. XV ғ. екінші жартысынан бастап XX ғ. басына дейінгі кезеңде Осман тілімен иық тіресе Азербайжан түркі тілі даму үдерісінде болды. Османдық жазба тілі, әсіресе XVI ғ. кейін өн-бойына арап-парсы элементтерін жинап алған ауыр тілге айнала бастады. Бұл үдеріс XX ғ. түрік ұлттық әдебиет айналасында топтасу арқасында және *Генч Калемлер – Жас қалам* деп аталатын реформисттер әрекеті нәтижесінде тоқтатылып, тілдік тұрғыда жаңа бір сапалы деңгейге көтерілу дәуірі басталды. Бұған Түрік тілі құрымы қоғамдық ұйымының құрылуы да айтарлықтай оңды ықпал етті. Ата тегі оғыз түркі тілінен нәр алған азербайжан мен Түркия түркі тілінің ара-жігі ешқашан алшақтанбаған. Говор дәрежесіндегі жекелеген және болымсыз мөлшердегі айырмашылықтар географиялық ерекшелікке, жер көлемінің алыс-жақындығы себебіне ғана қатысты болған» (Buran, 2014:13). Ұқсас хронологиялық-генеологиялық және географиялық тұрғыдағы пайымдауды мына еңбектен де байқай аламыз: «Осман тілі – XIII, XIV, XV ғасырларда қолданылған *Ескі оғыз тілі*. Саяси тұрғыдан алғанда Селжұқтардың соңғы дәуірі мен Бейліктер дәуірін, Қарақойынды мен Аққойынды мемлекеттерін және Осман империясының екі ғасырлық дәуірін қамтиды. XVI ғасырдан бастап *османлы түрікшесі* немесе *осман тілі* деген дәуір басталды. Осман империясының аумағында осы тіл қолданылды. XX ғ.

басында *Genç Kalem*ler – Жас Қалам қозғалысы енгізген *теркипсиз түрікше* яғни «арапша-парсыша жалғау-жұрнақсыз түрік тілі» (метрикасыз, ішкі флексиясыз – Е.Е.) саяси науқаны нәтижесінде өміршеңдігі мен өзектілігін жойды. Ескі оғыз тілі осман мен азербайжан әдеби тілінің атасы. Осы екі тілдегі әдеби тілге қатысты ерекшеліктер *Ескі оғызшада* тең дәрежеде алмаса кездеседі. Кайсери мен Сиваста өмір сүрген Қады Бұрханеттиннің қолымыздағы жалғыз жазба еңбегі – диванында азербайжан түркі тілінің ерекшелігі басымырақ көрінеді. Осы жақтың шығыс жақ тұсындағы Ерзурумда өскен Дарирдің еңбектерінде осман түркі тілінің басымдығы байқалады. Несимидің, тіпті, XVI ғ. Фузулидің еңбектерінде азербайжан тілі ерекшеліктері қоюлау. Осы кезеңдерде, яғни XV ғ. немесе XVI ғ. жазба деректерге сүйеніп жазылған *Қорқыт Атадағы* ру-тайпалар атаулар да осы ерекшелікке тән көрініске ие. Бірақ осы дәуір, яғни XVI ғасырда әр екі тіл өзара ара-жігін айырып, дербес тілдік нормаларға ие болды деп айта алмаймыз. Фузулидің еңбектері (диваны) Бағдат пен Тебриз, Стамбұл мен Балқан өңірлерінде қайта көшіріліп таратылғанын ескерсек, қолмен көшірілген нұсқалар өз аймақтарының тілдік-графикалық ерекшеліктерін қосып отырған. Сол кезеңдерде, Ескі оғыз тілі жалпыға бірдей стандарт жүйеге ие болмағандығы да осы үдеріске ықпал еткен. Сондықтан осы дәуірді *осман әдеби тілі мен азербайжан әдеби тілінің өтпелі кезеңі* деп айтсақ дұрыс болмақ» (Ercilasun, 2004: 362). Цитата авторының атап өткен Генч Калемлер – Жас қалам қозғалысының бір сыңары *жөнтүркілер* (орыс интерпретациясында – младотюрки Е.Е.) дәуіріндегі түрік мерзімдік басылымына қатысты зерттеулерде *осман-түрік мерзімдік басылымы* деген атау жиі кездеседі. Солардың бірін советизм шаблонумен жазылған еңбектер қатарынан көрдік: «XIX ғ. басында пайда болған османдық-түріктік мерзімдік басылым сол ғасырдың алпысыншы жылдары үдемелі түрде дамыды. Бұл өз кезегінде жаңа дәуір Түркия тарихын зерттеп-білуде құнды материалдар болып табылады. Үкіметтік ресми жарияланымдарымен қоса жеке басылымдардан Осман империясы туралы, Порта туралы ғылыми тұрғыда зәру материалдар молынан кездеседі. Бұлар түрік қоғамы мен ұлты түрік емес этникалық топтардың да жағдайынан хабардар болуға мүмкіншілік береді. Мерзімдік басылымды зерттеу арқылы осман түрік әдебиеті мен әдеби ағымдарын, сол кездегі танымал түрік әдебиетшілерінің *халық-*

*тық түрік тілі* мен әдеби (кітаби – Е.Е.) түрік тілін бір-біріне жақындастыру талпынысын да көре аламыз. Кеңес одағы кітапханалары XIX-XIX ғғ. арасы түрік мерзімдік басылымдарының айтарлықтай мол қорына ие. Соңғы онжылдықта ғана кеңестік түркітанушылар (түркітанушылар – Е.Е.), әсіресе тарихшылар, түрік мерзімдік басылым материалдарын белсенді түрде пайдалана бастады. Осы арқылы Түркиядағы қоғамдық маңызы бар оқиғаларды зерттеп біліп отыру мүмкіншілігіне ие болды. Осы тұрғыда, әзірше өте аз кездесетін шығармалар арасында, Э.Ю.Гасанованың еңбегін айтқан жөн. Ғалым *Түрік иурду* атты мерзімдік басылымды зерттеу аясында *түрікшілдік* пен *пантүркізм* ағымдарына сыни көзқарас білдірді. Мұнымен қатар Ю.А.Петросянның XIX ғ. соңы түрік газеттері деректері негізінде зерттеу жүргізіп, «жаңаосман» мен «жаңатүрік» идеологиясы туралы құнды ақпарат берген еңбегін де атап өткен орынды. ... Осман Империясы тұсында мерзімдік басылым *клерикалдық-абсолюттік* режимді қолдайтын феодалдардың қолшоқпарына айналды, бірақ, сонымен қатар, жаңашыл әрекеттер мен тәртіп пен құқықты қолдайтын буржуазиялық-капиталистік дамуды жақтаушыларды да дәріптей бастады. Басшылық элитаның саяси көзқарастары мерзімдік басылымдарың редакциялық саясатына ықпал етті. Бұл жекелеген басылым нысандарының өміршеңдігіне әсер етіп отырды. Сөйтіп османдық мерзімдік басылым «бостандықты» сезінумен қатар тоқырау кезеңдерін де басынан кешірді. Мұндай қоғамдық өзгерістердің көрінісі *жаңа османдар* деп аталатын конституциялық – либералдық қозғалыстың жеңісі мен жеңілісінен кейін орныға түсті. Бірақ бұлар, *жаңа османдықтар* 1908 ж. буржуазиялық төңкеріс нәтижесінде ықпалын жоғалтты. Одан кейін *жөнтүріктер* қозғалысы жеңіске жетіп *жаңа османдықтардың* ықпалын толығымен жойды» (Желтяков, 1978: 83). «Советизм» деп аталып жүрген лексикалық шаблонды қолдану қазақ басылымдарында да молынан кездеседі: «Османизм – XIX ғ. Осман империясы тұсында пайда болған. Бұл империяны мекен еткен бүкіл ұлт пен ұлыстар мен олардың діни наным-сенім теңдігін жария етті. 1908 ж. билікке «Жас түріктер» келгеннен кейін османизмнің негізгі идеясы өзгеріп түріктендіру саясатына ұласты. Сөйтіп бір ғана ұлт – түрік ұлтын құру күн тәртібіне қойылды. 1911–1912 жж. Балқан соғысынан кейін түрікшілдік пен *панисламизм* әрекеттерінің көлеңкесінде қалды (Қазақстан. Националь-

ная энциклопедия, 2006: 239). Мұнда шынайы патриотизмге негізделіп түрік ұлтының болашағын қамдаған *түрікшілдік әрекеті* мен ескі әдетпен орынды-орынсыз қолданыла беретін «панисламизм» ұғымының ара-жігін бөліп пайымдау маңызды іс болса керек. Бұған жоғарыда аталып өткен *клерикалдық-абсолюттік режимді қолдайтын феодалдардың қолшоқпарына айналды* деген мәтінді қосуға болады, бұлар әрине, Кеңес одағы дәуірінде орыстілді ғылыми тавтологияда, одан әрі қазақтілді басылымдарда орнығып қалған саяси риторика болып табылады. Осындай саяси реңкті советизмдердің қазіргі уақыттағы өміршендігінің бір себебі Ресей ғалымдарының сол күйі және сол мағынада қолданыстан түсірмеуінен туындаса керек. Ал қазақтілді контенттер көбінесе сондай ұғым мен атау, терминдерді сұрыптамай қолдана беретінін көріп жүрміз.

Тақырыптық «тиянақтау» мақсатында мына бір цитатаны айта кетуді жөн санадық; этимологиясы түркі, яғни қазақ, мағынасы советизмге айналған сөздің басқа бір қырынан қарағандағы интерпретациясы: «Басмашы – түрік сөзі, *баукеспе, зорлықшыл* деген мағынаны білдіреді. Бұрынғы Түркістан өңіріндегі керуендерді, оңаша ауылдарды тонау мақсатында құрылған бұзақы топтар болған. Кейінірек мұндай топтар патшалық биліктің жергілікті шаруа-дихандарға жасаған қинатына байланысты жауап реакция ретінде отаршылдарға қарсы түрлі әрекеттерге баратын болған. Қарапайым халық арасында тараған осы атты большевиктер билігі өздеріне қарсы көтерілген көтерісшілдерге қатысты қолданысқа түсірді. Советтік идеологтар мен тарихшылар басмашылар қозғалысын жергілікті феодалдық, діни күштердің ықпалымен өмірге келген біржақты реакциялық құбылыс ретінде түсіндірді. Оның әлеуметтік табиғаты мен құрамын, көздеген мақсатын бұрмалап көрсетті» (Қойгелдиев, 2017: 132).

### Нәтижелер мен талқылау

Кеңес Одағы тұсында осман-түрік тілі зерттеулері қазақтілді контенттерде қазіргі түрік тілінің (Modern Türkçe, Türkiye Türkçesi – Е.Е.) қайнар көзі ретінде айтылып жүрді. Сондай еңбектердің бірі 1985 ж. Алматыда «университеттер мен педагогика институттарының студенттеріне арналған оқу құралы» деген ескертпемен шыққан. Кітаптың «Қазіргі түркі тілдері туралы қысқаша мәлімет» деп аталатын V графасын-

дағы «Түркі тілдерінің оғыз тобы – түрік тілі» деген шағын тақырыпшасынан үзінді: «Түрік тілі (ескі аты – осман тілі) – негізгі көпшілігі Түркия мемлекетінде (35 млн. жуық), азшылығы СССР-де және басқа да елдерде (Югославия, Румынияда, Иракта) жасайтын түрік халқының ұлттық тілі. 1975 ж. мәлімет бойынша бұл тілде 40 миллиондай адам сөйлейді екен. Түрік тілі екі диалектілік топтан тұрады: батыс, немесе түрік-дунай тобы және шығыс анатоллия тобы. Қазіргі түрік әдеби тілінің негізі болып саналатын анкара говоры мен кипр диалектісі – екеуі де шығыс анатоллия тобына жатады. Түрік әдеби тілінің нормасы XX ғасырдың 30-50 жылдарында қалыптасқан. Жазба ескерткіштері XIII ғасырдан басталады. Түріктер 1928 ж. дейін араб алфавитін пайдаланып келді де, 1928 ж. кейін 28 әріптен тұратын латын графикасына көшті. Түрік тілінің алфавиті: Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Ff, Gg, Ğğ, Hh, İi, Jj, Ll, Mm, Nn, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Yy, Zz. Түрік тілі бойынша мысалдар: Mûsaade ederseniz gidip pasayı göreyim. – Қазақшасы: (Егер) рұқсат етсеңіз (мен) кетейін, пашаны (барып) көрейін. Eğri otur, doğru söyle. – Қисық отырсаң да, тура сөйле (мақал). *Түрік тілі бойынша әдебиеттер*: Tahsin Banguoğlu. Türkçenin grameri. İstanbul, 1974. Михайлов М.С. Исследования по грамматике турецкого языка. М., 1965; Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.-Л., 1956; Майзель С.С. Изафет в турецком языке. М.-Л., 1957; Иванов С.Н. Арабизмы в турецком языке. Учебное пособие. Л., 1973; Баскаков А.Н. Словосочетания в современном турецком языке. М., 1974; Турецко-русский словарь. 48 000 слов. М., 1977» (Қайдаров, Ә., Оразов, М.: 1985: 143).

Мұнда әрине, бірден назар аударғаны *кипр диалектісі* деп жанама түрде Солтүстік Кипр Түрік Республикасын атап өтуі болса, екіншіден, түркологиялық классификацияда сирек кездесетін «түрік-дунай» және «шығыс анатоллия» дегені болды. Иллюстративті мысал ретінде берілген екі сөйлемінің біріншісінде екі орфографиялық қате орын алып түрікше *и* қарпін *с* графемасымен, *ы* қарпін *и* таңбасымен берген: *pasayı*. Бұған қоса сөйлемнің қазақша аудармасын шұбалаңқы қылып «созған». Біз мұны *Лұқсат етсеңіз барып пашаны көрейін* деп механикалық түрде аударса дұрыстау көрінеді деп есептедік.

Сонымен қатар кітап авторының тақырыптық графада қолданған орыс және түрік тіліндегі еңбектердің электрондық нұсқалары бар екендігін анықтадық: М.С.Михайловтың кітабы

Ресей Мемлекеттік Кітапханасының электрондық каталогында; А.Н.Кононовтың кітабы Ресей Ұлттық Кітапханасының электрондық каталогында; С.С.Мейзельдікі Ресейдің «Шетел әдебиеттері кітапханасы» электрондық каталогында; 1974 ж. шыққан Тахсин Бангуоғлының кітабын Түркияның «nadirkitap.com – Сирек кездесетін кітаптардың электрондық дүкені» сайтынан көрдік. С.Н.Ивановтың «Түрік тіліндегі арабизмдер. Оқулық» кітабын таба алмадық. Ғаламтордан «Түркітануға кіріспенін» 1985 ж. жарияланымы көрінбесе де осы нұсқаның 2004 жылғы 358 беттік болып қайта түзілген және толықтырылған нұсқасын Қазақстан ұлттық кітапханасының электрондық каталогынан көрдік. Бұл нұсқада да *осман-түрік тілі* туралы деректер кездеспеді.

Тағы бір назар аударарлық түс, – кітап авторларының «Қазіргі түрік әдеби тілінің негізі болып саналатын *анкара говоры*» деген комментарийі. Бұл мәлімет даулы болуы мүмкін үйткені түрік зерттеушілерінің өздері қазіргі әдеби түрік тілінің негізін анкара говоры емес *стамбұл говорына* теліп жүр. Мұндай тезистерді танымал түрік ақыны Мехмет Акиф Ерсойдың поэтикасымен байланыстыратын зерттеуерден көре аламыз: «Шығармашылығында таза тіл қолдануға талпынған Акифте арап пен парсыша кірме сөздер және осы сөздермен ілесе жүрген грамматикалық, морфологиялық формалармен қоса «тірі» және әлеуметтік-қоғамдық жағынан белсенді *стамбұл говоры* үйлесімді түрде орын алған. Ақын жергілікті немесе локальдық сленг пен жаргондарын да пайдаланып ерекше авторлық лексикасын өмірге әкелген. «Сафахатта» орын алған жергілікті жаргон мен варваризмдер және анайы сөздер Акиф шығармашылығының ажырамас бөлігін құрайды. Бұл қолданыстар Акифтің жоғары дәрежедегі поэтикаға қол жеткізуімен қатар сыни пікірлердің жаууына да себеп болған. Бұл әдіс-айласы жоғары мәдениетке жетелейтін тілдік элементтермен «ойнамағандығын» көрсетеді. Ақын оның орнына табиғилық пен натурализмді таңдаған. Бұл Акифтің қара халыққа әлдеқайда жылдам жету және жақынырақ болу мақсатында жасаған әдісі болса керек. Өзі де атап өткеніндей «әлеуметтік әділеттілікті» тілдік тұрғыда іске асырған» (Dalar, 2021: 386).

Стамбұл түрікшесі немесе қазіргі түрік әдеби тілінің (Modern Türkçe) *стамбұл говоры* туралы; мұнда мынадай сұрақ тууы мүмкін: неге «Стамбұл түрікшесі» деген термин, атау бар ал,

мысалы, Анталия түрікшесі, Диарбакыр түрікшесі я болмаса Трабзон, Анкара түрікшесі деген ұғым жоқ. Мұндағы басты критерий Стамбұлдың географиялық орналасуы мен 5-6 ғасырлық империяның астанасы болуында жатса керек. Мұндай пікірдің саяси-әлеуметтік астарын түрік ғалымы Екер Сүер былайша түсіндіреді: «... мәселеге *Түркия түрікшесі* тұрғысынан қарайтын болсақ империяның астанасы, ұлттық дәрежедегі мәдени, экономикалық және саяси монополияға ие қала, әлбетте, Стамбұл болды. Бұл өз кезегінде *Стамбұл тілінің* «стандарт тілге» негіз болатындығының бірден-бір көрсеткіші еді. Алайда осы, «Стамбұл тілінің» *стандарт тілге* қандай дәрежеде ықпал етті, сол кездегі жазба әдеби түрік тіліне қандай тұрғыда әсері болды, қандай рөл ойнады, – ол жеке және арнайы зерттеудің нысаны болып табылады» (Eker, 2011: 163). Осы еңбектің «Қазіргі түрік тілін классификациялауда терминология мәселесі» атты графасында «Қазіргі түрік тілі» атауын ММТ аббревиатурасымен *Модерн Түркия түрікшесі* деп берген: «МТТ атауы арап және парсытілді терминологияда «Türkî – Түрки тілдер» деген жалпылама атаудың ішіндегі құрамдас бөлігі ретінде танылады. Яғни түрік тілімен қоса барлық түркі тілдерін осылай атайды. Мысалы, парсы тілінде оңтүстік Азербайжандағы түркі говорлары үшін «Торки» ал Түркия түрікшесі, яғни Түркия Республикасының ресми тілін атау үшін «Türkî-ye Estantbulî – Торки-ие Естанбули – Стамбұл түрікшесі» деген терминді қолданады» (Eker, 2011: 151). Шағын мысалдардан көрінгеніндей қазіргі әдеби түрік тілінің, Сүер Екерше айтқанда «стандарт» түрік тілінің қайнар көзі «стамбұл түрікшесі», қазақ тілі нормативтік лексикасына сай айтсақ *стамбұл говоры* екендігін анық байқауға болады. Бұл пікірді тарихи-хронологиялық және саяси-әлеуметтік, оның ішінде лингвистикалық, астары мығым ғылыми деректермен толықтыру қиындық тудырмаса керек.

Қазақстанда осман-түрік тілінде жарық көрген еңбектердің бар екендігін, дұрысында сақтаулы екендігін Алматыда түрік тілінде шыққан анықтамалық басылымнан көруге болады. Еңбек, Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu – *Қазақстан (Алматы) Ұлттық Кітапханасындағы сирек кездесетін арап қарипті еңбектердің каталогы* деп аталады. Кітап үш бөлімнен тұрады: 1. Осман тіліндегі деректер; Әр мазмұндағы деректердің арасында орын алған османтілді кітаптар; 2. Шағатай тілі; Әр мазмұндағы деректердің

арасында орын алған шағатай тіліндегі кітаптар; 3.Алфавиттік индексация. Зерттеушілер Қазақстан Ұлттық Кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар залында жұмыс атқарып осы қорда сақтаулы *осман тілінде* жарық көрген 370 еңбектің ревизиясын жасаған. Біз соның 1 нөмірімен бірінші тұрған кітабын атап өтуді жөн көрдік: Сақтаулы жері: Қазақстан Ұлттық Кітапханасы; Сұрыптау нысаны: Сирек кездесетін қолжазба залы; Шифры: 445 А; Бұдан бұрынғы шифры (коды): жоқ; Авторы: белгісіз; Кітаптың атауы: Діни рисалалар; Тілі: түркі тілі; Жазу (графика) түрі: Харакалы несих (наси); Тақырыбы: діни; Том саны: 1; Датасы: Хижра 1308, Григориан 1890; Бет саны: 107; Абзац саны: 19; Көлемі: 230x119 – 175x93mm.; Кітаптың бағасы: 200 тенге; Сипаттамасы: Сыртқы пошымы қалың қағаз – картонмен қапталған. Аздап қыртысып мүжілген. Беттері толық. Еңбектің авторы белгісіз. Кітап төрт рисаладан тұрады. Бірінші рисала *Ехл-и сүннет мезхеби үзери иман бейаны* деп аталады. Көлемі 24 бет. Алғашқы рисала хижри жыл есебімен 1309-да жазылған. Екінші рисала *Васиет ве мағрифет рисаласы* деп аталады, көлемі 36 бет 1308 ж. жазылған. Үшінші рисала 23 бет, *Мұсұлманларын ердемлеринин корунмасы хаккында* деп аталады. Төртінші рисала *Хатунлар хаккында адет рисалеси* тақырыбымен беріліп, соңғы төрт беті өлеңмен жазылған. Көлемі 24 бет. Төртінші рисаланың жазылған уақыты белгісіз, екінші бетінде ескертпелер бар.

Мұнда жоба орындаушылары 370 осман-тілді жазба ескерткішті анықтап мазмұндық, сапалық, хронологиялық анықтамасын берген, басылымдардың дерлік барлығы Стамбұл қаласында жарияланған. Назар аударған тұсы теологиялық және педагогикалық бағытпен қоса басқа да мамандық категорияларын мол қамтыған. Атап айтқанда бала психологиясы пәні оқулығы 25-ші нөмірде тіркеулі, авторы Ахмед Мидхат; география саласындағы оқулықтар 49 нөмірде, авторы Хасан Бедреддин; – 62, авторы Абдурахман Шереф; -67, авторы Азми; математика, геометрия мамандығы 18 нөмірде, авторы Ахмед Зияеддин; 41 нөмірлі геометрия пәні оқулығы авторы Ахмед Хулуси; геология 98 нөмірде, авторы А.Лайки (ағылшын тілінен француз тіліне аударған Хенри Краве, француз тілінен түрік тіліне аударған Али Фуат Сабит); музыка 110, авторы Мухаммед Зати; физика 80 нөмірмен, авторы белгісіз; театр 81, авторы Өмер Лүтфи; сәулет өнері, тарих 112, авторы Мехмед Зия. Біз мұны осман-түрік тіліне қатысты Қазақстанда

жүргізілген іздестіру-сұрыптау жұмыстарының алғашқысы және құнды еңбектердің бірі деп бағаладық (Кабадайы, О. Шадкам, 3., 2021: 13).

Мақала жазу барысындағы байқағанымыздай осман-түрік тіліне қатысты деректер қазақ басылымдарында сирек болуымен қатар, теориялық яки практикалық жағынан қазақи контент қоспай көпшілік жағдайда жалаң комментарий жасаумен шектеліп отырған, тіпті өзге тілдің (орыс тілінің) механикалық көшірмесі деп атаса да болады. Бірақ мұндай жазбалар, қазіргі уақыт қазақ зерттеушілері үшін тың және шынайы деректер қатарынан табылуы екіталай. Сол себептен де өзге тілдегі мәліметтерді ғылыми ортаға қоспай тұрып мұқият сұрыптап-зерттеген жөн деп ойлаймыз. Мұндай пікірді түркілік контенттерді зерттеу нысанына алған басылымдар айтып жүр: «Адамзат өркениетінде түркі әлемінің алар орны ерекше. Осы ретте түркілік елдердің әрқайсысының қалыптасып даму тарихын, өзіндік этномәдениетін танып-білу үшін олардың ішіндегі қарасы ең мол түрік халқының тілі мен әдебиетін зерттеп-зерделеу маңызды мәселелердің бірі екені сөзсіз. Соны ескере отырып, осы зерттеуінде Осман империясы дәуіріндегі осман тілінің қазіргі түрік әдеби тілінің қалыптасып даму тарихындағы орны мен рөлін пайымдауға мән берілді. Түрік тілі және оның жазба әдебиеті, қалай дегенмен ұзақ жылдар бойы үстемдік құрған Осман империясы тарихымен және оның әдеби-тілдік мұраларымен тығыз байланысты. Сол себептен бұл бағыт бойынша Түркия Республикасында қыруар жұмыс атқарылды. Кеңес Одағы кезінде кеңестік түркітану ғылымы, көбінесе, өзге елдердің тілін танымдық тұрғыдан, оның өзінде тілдің формалдық сипаты мен құрылымдық жағын (грамматикалық) ғана зерттеп-зерделейтін. Ондай еңбектердің өзін де аса мол деуге болмайды. Түрік жазба әдеби тілі мен жазба әдебиетінің қалыптасып даму тарихына осман тілінің қаншалықты ықпал-әсері болды дегенді толықтай ашып беретін қазақ тілінде жазылған дүниелердің аз екені осы зерттеу жұмысын орындаудың алдындағы дайындық кезінде аңғарылды. Сондықтан да біз осы зерттеуімізде, бір есептен, орыс тіліндегі зерттеулерге біраз ден қойдық. Әрине, бұл біздің, яғни қазақстандық түрік тілін зерттеуге арналған еңбектердің аздығына байланысты екені түсінікті» (Түркі тілдері, 2015: 147). Сірә, мұндай пікірмен келіспеудің реті болмаса керек.

Кезінде, Мәскеу, Ленинград сияқты қалалардағы ЖОО түрік тілі оқу бағдарламасының бір

сыңары ретінде осман тілі де оқытылып кейде факультативтік дәріс деп аталған. Сондай ЖОО арналған оқулықтардың бірін Э.А.Грунина шығарған. Кітап *Учебное пособие по османско-түрецкому языку – Осман-түрік тілінің оқулық кітабы* деп аталады. Алғысөзден бастап, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, – мұнда 24 жарияланымнан пайдаланған, оның ішінде Түркиямен қоса Болгарияда түрік тілінде шыққан бірер кітапты қолданған, олар: Gilibof G. *Osmanlıca Dersleri- Осман тілі дәрістері*. Sofya – 1965; Pakalın Mehmet Zeki. *Osmanlı Tarih Deyimleri ve Terimleri Sözlüğü – Осман тіліндегі тарих концептісіне қатысты сөз тіркестері-фразеологиясы мен терминология сөздігі*. Istanbul – 1946-1956; Timurtaş Paruk. *Osmanlıca Grameri – Осман тілі грамматикасы*. Istanbul – 1964. Қолданылған әдебиеттер тізімінен кейін 10 тақырыптық мәтінмен жабдықтаған. Содан кейін *Түрецкий вариант арабского алфавита – Арап алфавитінің түрік варианты* деп атаған арап графикалы осман алфавитін берген. Осман тілін үйретудің бастапқы сатысынан бастап барлығы 47 тақырып пен тақырыпшамен жабдықтаған. Бұған қоса осман тіліндегі арап графикасымен берілген мәтіндерді латын графикалы транслитерациямен толықтырған (Грунина, 1988: 175). Осы кітаптың ішкі титулдық бетіндегі аңдатпада былай дейді: «Оқулық кітаптың мақсаты – түркітанушы студенттерді арап графикасымен жазылған түрік мәтінін оқуға дағдыландыру. Прозалық жанрлар негізінде түрік жазба әдебиетінің XV – XIX ғ. даму барысынан хабардар ету. Студенттерді нақты материалдар негізінде комментарий мен анализ жасай білу дағдыларын ұштауға ықпал ету».

2010 ж. Ескишехир қаласы, Анадолу Университеті баспасынан *Osmanlı Türkçesi Grameri – Осман түркі тілі грамматикасы* оқулығы шықты, көлемі 162 бет. Біз осы еңбектің pdf нұсқасын пайдаланып, 112 бетіндегі арапграфикалы осман тіліндегі мәтін жаттығулары алдындағы шағын түсініктемені бере кеткенді жөн көрдік: «Сүйікті оқушылар, осман-түрік тілі деген тіл – өзіміздің *Түркия түрік тілінің* 15-20 ғ. қамтитын дәуіріндегі тілі. Осман мемлекетінің даму үрдісіне орай осман тілі арап пен парсы тілдері ықпалымен дамып отырған. Осы тілдерден сөз бен ұғымдар қабылдаған. Қолдарыңыздағы кітап осман түрік тіліндегі арап пен парсы тілдік элементтерімен таныстырады. Тақырыптық бөлімдерде теориялық білімдеріңізді тиянақтау үшін түпнұсқа мәтіндер беріліп отыр.

Түрлі тақырып пен тақырыпшаларды қамтыған мәтіндер сіздердің көңілдеріңізден шығады деп ойлаймын. Себебі осман түрік тілін анағұрлым ілгері деңгейде меңгерулеріңіз үшін түпнұсқа мәтіндерді көбірек оқуға тиістісіздер. Мәтін оқу барысында өткен жылғы оқу бағдарламасында көрген тапсырмалардан күрделілеу екендігін байқауларыңыз мүмкін. Мәтін оқу кезінде «Осман түрік тіліне кіріспе» графасын шолып, қалай оқу туралы, жұрнақ-жалғаулардың жазылу тәртібі мен фонетикалық ерекшелігі туралы әдіс-амалдарды естеріңізге түсіріңіздер. Әсіресе осы жолғы мәтіндерді оқып отырып қазіргі түрік тілінде қолданбайтын арапша-парсыша ұғымдарды кездестіретін боласыздар. Мұндай элементтер, әлбетте, оқуды қиындата түсетіні сөзсіз. Алайда түсініксіз сөздердің мағынасы мен мазмұнын сөздікке қарап шешсеңіздер болады. Қолдарыңызда арап графикалы түрік тіліндегі сөздік болса құба-құп. Оқу, аудару барысында басқа да сөздіктерді қолдансаңыздар болады». Осы кітаптағы мәтін жаттығуларының бірінші тапсырмасында османтілді (арап графикалы) мәтінмен «Түрік истиклал маршы – Түрік мемлекеттік әнұраны» орын алған (Develi, 2010: 112). Айта кету керек, түрік мемлекеттік гимні туралы толығырақ мәліметті Түркияда қазақша шыққан *Түрік мемлекеттік әнұраны – Истиклал Маршына 100 жыл* атты мақаладан көруге болады (Yesbossynov, 2024: 294).

1977 жылы Анкарада *Eğitim Bilime Giriş – Педагогика ғылымдарына кіріспе* атты кітап жарық көрді. Осы еңбектің «Түркиядағы халықтық педагогика» графасындағы *Селжүк пен Османдықтарда халықтық педагогика* деген тақырыпшасына назар аудардық. Бұған қарағанда селжүк пен османдықтардың даму кезеңдеріндегі халықтық педагогика ұғымы қазіргі классикалық топшылау мен түсінігімізден алыс емес. Ол кезде де білім беруге байланысты қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылатын. Бұған қоса халыққа тұрақты түрде білім беретін ұйымдар да жұмыс істеген. Солардың негізгілерін санасақ; *Медреселер*: Селжүк пен османдықтардың қоғамдық санасында мешіт пен медреселердің орны ерекше мәнге ие. Мұнда діни уағыздармен қоса медицина мен инженерия саласында да дәрістер оқытылатын. Медреселердің өз кітапханасы, науқастарды бағып-күтетін орны және ауруханалары болған. Бұл жерлерді оқу-ағарту ісін жүргізген қоғамдық ұйымдар қатарына қоса аламыз. *Ахилик салт-дәстүрі* (европалық интерперетацияда *ахизм* деп те аталады – Е.Е.):

Селжұқтар дәуірінде басталып османдықтар кезеңінде қарыштап дамыған қоғамдық ұйым. Бұл ұйым жетім-жесір, ауру-сырқау мен әлеуметтік жағдайы нашар адамдарға ұдайы көмек көрсетіп отырған. Әрбір орталық немесе жергілікті бөлім мен бөлімшелер бастығын «ахи» деп атаған, оларда қатаң тәртіпке негізделген вертикальдық басқару жүйесі болған. Ең бастысы осы ахилер, өздері көңіл көтерумен қатар, жұмыс арасында халық ортасына шығып әр түрлі мазмұнда мәдени-көпшілік қойылым ұйымдастырған, ел-жұрты ізгілік пен білімге шақырып отырған. *Лонжалар*: Анатолия түркілерінің арасында XIII ғ. пайда болады. Олардың ұстанымдары діни экономика (коммерция – Е.Е.) мен оқу-ағарту ісіне басты назар аудару болған. Лонжалар шаруа мен малшы, егінші мен саудагерді тоқайластырған дәнекерлік қызмет атқарған. Оларды ұдайы өндірістік тәртіпке баулып, адал еңбек пен адал сауда принциптерін орнықтыруға шақырған. Ең бастысы қолөнер шебері мен темір, ағаш ұстасы сияқты өнім өндіруші элитаны қорғауға, олардың ізбасар-шәкірттерін тыныш тәрбиелеулеріне жағдай жасауға ерекше мән берген. *Сарбаз* (армия, әскер – Е.Е.): Селжұқ пен османдықтарда әскери орта табиғи түрде тәрбие мен білім беру ұясы болған. Осман империясы дамуының шарықтау шегіне келгенде дәруіштердің христиан балалары «*Асемі Оғлан Кішлалары – Қарабайыр ұлдардың қыстағы*» атты орталықтарда ислам мен түрік әдет-ғұрып постулаттары негізінде тәрбие алатын болған. Әскердің яғни түрік армиясының ішінде жүргізілген мұндай іс-шара негізінде Анатолия мен Фракияның түріктендіру процесі жылдамырақ жүргізілді. Бұл үдеріс уақыт өте келе халықтық педагогиканың ажырамас бөлігіне айналды» (Eğitim Bilime Giriş, 1977: 270).

### Қорытынды

Алып Евразия құрылының ұлан-байтақ жерінде шашырай қоныстанған түркі халықтарының тағдыры әрқилы және әрқалай қалыптасты. Сандары да біркелкі болмады. Бірі өссе екіншісі өсуін тоқтатты, үшіншісі басқа бір ел мен мәдениетінің қоршауында қалды. Төртіншісі соғыс пен саяси теке-тірестің бел ортасында жүрді. Өстіп қалың түрік жұрты әрі географиялық әрі менталды түрде бір-бірінен алшақтай бастады. Бірақ бір тірегі айдалада өскен теректей болып менмұдалап тұрды, теңізшілердің мұнара-шамшырағы сияқты көзге жалпылдап шалынса

да ешқашан сөнбеді. Ол тілі еді. Осман әулетінің атын алған тіл де осылардың арасынан орын алды. Жер-жаханды жаулап жүріп ана тіліне ие бола алмай қалған дәуірді де бастан кешірді. Бірақ араға ғасырлар салып ол кемшілікті де түзейтін уақытқа да келіп жетті. Ол *жәнтүрік* пен *Жас қаламнан* кейінгі республика дәуірі болды. Алайда сол кез жас республика, қарызға белшесінен батып толығымен қираған экономикасы мен жүдеу еліне ие болуға мәжбүр болды. Бұған қоса берекесі кетіп тұғыры тайған ана тілін де күйттеу керек болды. Сөйтіп *осман-түрік тілінің* қараусыз қалған ереже-посулаттарын қайта түзуге бағытталған шешім қабылдады. Оны алфавит өзгертуден бастады. Жаңарған түрік тілін Европаның дамыған техникасы мен технологиясына ыңғайлап қайтадан түрлендірді. Жаңа тілдің өмірі жаңа терминология мен жаңашыл реформамен басталды. Осылайша мәңгілікке созылатын күрес пен дамуды, биіктеу мен өсуге шақыратын саясатты орнықтырды.

Сондай саясатты қолдаушылардың бірі *осман-түрік тілі* мен *қазіргі түрік тілінің* тоғысқан жерінде жалынды жыр-дастандарын өмірге әкелген ақын Мехмет Акиф Ерсой болды. Ерсой, – ескі түрік тілі яғни османлы тілі мен қазіргі түрік тілін реформалауда құнды пікірлер айтқан, түрік тілінің эволюциялық тұрғыда дамуын жақтаған ойшыл-қаламгер. Мақаламызды қорытындылай келе Ерсойдың «Сафахат» жинағының сөздік бөлігінде орын алған осман тілі – қазіргі түрік тілі сөздігінен шағын иллюстративтік мысал бергенді жөн көрдік:

Айта кету керек, аталмыш сөздік 1726 лексеманы қамтып тек қана латынграфикалы османдық сөз бен қазіргі түрік тіліндегі мағынасын (аудармасын) берген. Біз бұған арапграфикалы осман-тілді жазба мен қазақша аудармасын қостық.

Осман-түрік тіліне қатысты түрлі уәж бен пікірлер, тиянақты ғылыми ізденістер қазақ тілінде көбейе түсетіндігі сөзсіз. Себебі қазіргі буын қазақ тілші-ғалымдары ана тілімен қоса басқа бір түркі тілін және шығыс яки батыс тілінің бірін меңгерген көптілді болып қалыптасып келеді. Бұл өз кезегінде жекелеген ғылыми бағыттардың, оның ішінде *османистика* да бар, үдемелі дамуына себепкер болады. Бұл үдеріс төте жазумен шыққан Алаш Орда оқымыстыларының құнды еңбектерімен тарихи, графикалық, мазмұндық және шынайы дидактикалық тұрғыда табиғи үйлесімін тауып жаңа буын тілші-теоретиктер еңбектерінің пайда болуына негіз қалайды.

## 1-кесте – Сөздік бөлігі

| осман тілі                                                                  | транскрипциясы | қазіргі түрік тілі            | қазақ тілі                              |
|-----------------------------------------------------------------------------|----------------|-------------------------------|-----------------------------------------|
| فخوړ                                                                        | Fahûr          | Övünen                        | Мақтаншақ, әсемпаз                      |
| غبرا                                                                        | Gabrâ          | Yeryüzü                       | Жер, жерүсті                            |
| خواب                                                                        | Hâb            | Uyku                          | Ұйқы                                    |
| اضلال                                                                       | Idlâl          | Doğru yoldan çıkarma, azdırma | Теріс жолға түсіру, азғындыққа бейімдеу |
| اعانه                                                                       | Îâne           | Yardım                        | Көмек                                   |
| كعب                                                                         | Ka'b           | Topuk kemiği, küp             | Тобық, құты, ыдыс                       |
| معبر                                                                        | Ma'ber         | Geçit                         | Түр, форма                              |
| نادان                                                                       | Nâ-dân         | Bilgisiz, kaba                | Надан, дөрекі                           |
| راجع                                                                        | Râci'          | Dönük, dönen                  | Қайту, қайтқан, кері қайтқан            |
| صباح                                                                        | Sabâhat        | Güzellik                      | Сұлулық, әдемілік                       |
| تعدى                                                                        | Taaddî         | Öteye geçme, saldırma         | Алдын орау, шабуыл жасау                |
| اعجوبه                                                                      | U'cûbe         | Pek acaip, şaşılacak şey      | Таңқаларлық, ғажайып нәрсе              |
| ابوت                                                                        | Übüvvet        | Babalık, atalık               | Әкелік, аталық                          |
| وابسته                                                                      | Vâbeste        | Bağlı                         | Бағынышты, тиесілі                      |
| Ескерту – (Ersoy (1996): 589) дереккөзі негізінде мақала авторы құрастырған |                |                               |                                         |

## Әдебиеттер

- Акар Али. (2017). Түркі тілінің тарихы // Алматы: Елтаным баспасы. – 220 б.
- Аманжолов К.Р. (2002). Түркі халықтарының тарихы. I-кітап (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғ. дейінгі кезең) // Алматы: Білім. 6.280 [Электрондық ресурсы]: <https://online.anyflip.com/yooyo/sgac/mobile/index.html> (қаралған күні: 01.12.2024).
- Баскаков, Н.А. (1970). Роль уйгуро-карлукского литературного языка караханидского государства в развитии литературных тюркских языков средневековья. // Баку: Советская тюркология, – 4. – с. 150.
- Buran, A. Alkaya, E., Yalçın, S. (2014). Çağdaş Türk Yazı Diller. // Ankara: Akçağ Yayınları. – S. 204.
- Гаркавец. А.Н. Марко Поло. (2021). Әлемнің әралуандығы туралы кітап. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты. // Алматы: КазНИИК Баур. – б. 307.
- Грунина, Э.А. (1988). Учебное пособие по османско-турецкому языку. // Москва: Издательство Московского университета. – с.176. [Электрондық ресурсы]: <https://altaica.ru/manuals/grunina.pdf> (қаралған күні: 05.12.2024).
- Dalar, Tuba. (2021). Söylem Filoloji Dergisi. Ağustos, – 6 (2). [Электрондық ресурсы]: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1743666> (қаралған күні: 14.10.2024).
- Develi, Hayati. (2010). Osmanlı Türkçesi Grameri-I.Eskişehir: // Anadolu Üniversitesi YayınıNo:2462.162s.[Электрондықресурсы]:<https://ru.scribd.com/document/351601696/Osmanlica-Hayati-Devleti-pdf> (қаралған күні: 02.12.2024).
- Eker, Süer. (2011). Çağdaş Türk Dili. 7. baskı. // Ankara: Grafiker Yayınları. – s. 544.
- Ercilasun, Ahmet Bican. (2004). Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. // Ankara: Akçağ Yayınları. – s.486 .
- Eğitim Bilime Giriş. (1977). // Ankara: Gazi Kitabevi Yayınları. – s. 348.
- Ersoy, M.A. (1996). Safahat. // İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları. – s. 701.
- Желтяков, А.Д. (1978). Проблемы истории Турции. Сборник статей. *Режим печати при младотюрках*. Академия наук СССР. Институт Востоковедения. // Москва: Издательство «Наука». – с.214.
- Kabadayı, O., Şadkam, Z. (2021). Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu. // Almatı:Hoca Ahmet Yesevî Üniversitesi Avrasya Araştırmaları Enstitüsü. – S. 394.
- Казахстан.Национальная энциклопедия. (2006). // Алматы: – 4 т. –с. 560.

- Қайдаров, Ә., Оразов, М. (1985). Түркологияға кіріспе. Университеттер мен педагогика институттарының студенттеріне арналған оқу құралы. // Алматы: «Мектеп». –б.166.
- Қойгелдиев, М. (2017). Алаш қозғалысы. II кітап. // Алматы: «Мектеп» баспасы. б.656.
- Маштакова, Е.И. (1978). Проблемы турецкой средневековой литературы в советской туркологии // Баку: Советская тюркология. – с.148.
- Örnekleriyle Türkçe Sözlük. (2002). // Ankara: Milli Eğitim Basımevi. – III c., – S. 3337.
- Sâmi, Şemsettin. (1991). Sadeleştirilmiş ve Genişletilmiş Kamus-i Türki. // İstanbul: Tercüman gazetesi tesisleri basımı. – S.1535.
- Түркі тілдері. (2015). III.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК. Ұжымдық монография.// Астана. – Б.456.
- Türkçe Sözlük. (2011).Türk Dili Kurumu Yayınları: 540. // Ankara. S. 2763.
- Yesbossynov, Y., Kospaganbetova N.G. (2024). State Anthem of Turkey: 100 Years of The Istiklal March. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. 7(3) ss: 283-294. [Электрондық ресурсы]: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/3993091> (қаралған күні: 02.10.2024). B. 220. (In Kazakh)
- Amanzholov K.R. (2002). Turki khalyqtarynyn tarikhy. I-kitap (Kone dauirden bizdin zamanymyzdyn XIV ғ. deyingi kezen) [History of the Turkic peoples. Book I (The period from ancient times to the XIV century of our time)] // Almaty: Bilim. B.280 [Elektrondyq resurs]: <https://online.anyflip.com/yoyzo/sgac/mobile/index.html> (qaralghan kuni: 01.12.2024). (In Kazakh)
- Baskakov, N.A. (1970). Pol uyguro-karlukskogo literaturnogo yazyka karakhanidskogo gosudarstva v razviti literaturnykh tyurkskikh yazykov srednevekovya. [The field of the Uyghur-Karluk literary language of the Karakhanid state in the development of the literary Turkic languages of the Middle Ages.] // Baku: Sovetskaya tyurkologiya, – 4. – S.150. (in Russian)
- Buran, A. Alkaya, Ye., Yalçın, S. (2014). Çağdaş Türk Yazı Diller. [Contemporary Turkish Written Languages] // Ankara: Akçağ Yayınları. – S. 204. (in Turkish)
- Garkavets. A.N. Marko Polo. (2021). Alemnin araluandygy turaly kitap. Qazaq gylymi-zertteu madeniyet instituty.[ A book about the diversity of the world. Kazakh Research Institute of Culture.] // Almaty: KazNIİK Baur. – B. 307. (In Kazakh)
- Grunina, E.A. (1988). Uchebnoye posobiye po osmansko-turetskomu yazyku.[ Study guide on the Ottoman-Turkish language.] // Moskva: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta. – S.176. [Elektrondyq resurs]: <https://altaica.ru/manuals/grunina.pdf> (qaralghan kuni: 05.12.2024). (in Russian)
- Dalar, Tuba. (2021). Söylem Filoloji Dergisi. Ağustos [Discourse Journal of Philology] – 6 (2). [Elektrondyq resurs]: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1743666> (qaralghan kuni: 14.10.2024). (in Turkish)
- Develi, Hayati. (2010). Osmanlı Türkçesi Grameri-I.Eskişehir [Ottoman Turkish Grammar-I.Eskişehir]: // Anadolu Üniversitesi Yayını No:2462.162s. [Elektrondyq resurs]: <https://ru.scribd.com/document/351601696/Osmanlıca-Hayati-Devleti-pdf> (qaralghan kuni: 02.12.2024). (in Turkish)
- Eker, Süer. (2011). Çağdaş Türk Dili. [Contemporary Turkish Language] 7. baskı. // Ankara: Grafiker Yayınları. – S. 544. (in Turkish)
- Ercilasun, Ahmet Bican. (2004). Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. [History of Turkish Language from the Beginning to the Twentieth Century] // Ankara: Akçağ Yayınları. – S.486 . (in Turkish)
- Eğitim Bilime Giriş. (1977). [Introduction to Education] // Ankara: Gazi Kitabevi Yayınları. – S. 348. (in Turkish)
- Ersoy, M.A. (1996). Safahat. [Safahat] // İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları. – S. 701. (in Turkish)
- Zhelyakov, A.D. (1978). Problemy istorii Turtsii. [The problem of the history of Turkey] Sbornik statey. Rezhim pečati pri mladotyurkakh. Akademiya nauk SSSR. Institut Vostokovedeniya. // Moskva: Izdatelstvo «Nauka». – S.214. (in Russian)
- Kabadayı, O., Şadkam, Z. (2021). Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu. [Catalog of Turkish Rare Works with Arabic Letters in the National Library of Kazakhstan (Almaty)] // Almatı:Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırmaları Enstitüsü. – S. 394. (in Turkish)
- Kazakhstan.Natsionalnaya entsiklopediya. (2006). [Kazakhstan. National encyclopedia] // Almaty: – 4 t. –S. 560. (In Kazakh)
- Qaydarov, A., Orazov, M. (1985). Turkologiyaga kirispe. [Introduction to Turkology.] Universitetter men pedagogika instituttarynyn studentterine amalghan oqu quraly. // Almaty: «Mektep». –B.166. (In Kazakh)
- Qoygeldiyev, M. (2017). Alash qozgalysy. [Alash movement.] II kitap. // Almaty: «Mektep» baspasy. B.656. (In Kazakh)
- Mashtakova, Ye.I. (1978). Problemy turetskoy srednevekovoy literatury v sovetskoy turkology [Problems of Turkish medieval literature in Soviet Turkology] // Baku: Sovetskaya tyurkologiya. – S.148. (in Russian)
- Örnekleriyle Türkçe Sözlük. (2002). [Turkish Dictionary with Examples] // Ankara: Milli Eğitim Basımevi. – III s., – S. 3337. (in Turkish)
- Sâmi, Şemsettin. (1991). Sadeleştirilmiş ve Genişletilmiş Kamus-i Türki.[ Simplified and Expanded Kamus-i Türki] // İstanbul: Tercüman gazetesi tesisleri basımı. – S.1535. (in Turkish)
- Turki tilderi. (2015). [Turkic languages] Sh.Shayakhmetov atyndagy tilderdi damytudyn respublikalyq uylestiru-adistemelik ortalygy» RМQK. Uzhyndyq monografiya.// Astana. – B.456. (In Kazakh)
- Türkçe Sözlük. (2011).Türk Dili Kurumu Yayınları: 540. [Turkish Dictionary] // Ankara. S. 2763. (in Turkish)
- Yesbossynov, Y., Kospaganbetova N.G. (2024). State Anthem of Turkey: 100 Years of The Istiklal March. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. 7(3) ss: 283-294. [Elektrondyq resurs]: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/3993091> (qaralghan kuni: 02.10.2024). (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Есбосынов Ергали Зияханұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com))

**Information about the author:**

Ergali Ziyakhanuly Yesbosynov – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of the Department of Oriental Philology and Translation at Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, email: [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com))

Келін түсті: 4 ақпан 2025 жыл  
Қабылданды: 11 мамыр 2025 жыл